М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова" Министерства образования и науки Республики Казахстан

160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, д. 5,
тел.: 8(7252) 21-08-94, факс: 21-01-41,
e-mail: koncel@ukgu.kz, canselyarya@mail.ru

**М. Қозыбаев атындағы**
**Солтүстік Қазақстан**
**мемлекеттік**
**университетінің ректоры**
**С. Өмірбаевқа**

**Мәуленұлы!**

аралығында Шымкент қаласында ы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік академик Сұлтан Тәшірбайұлы н V халықаралық жыл сайынғы ниринг» атты конференциясына

Халықаралық конференция секциялары құрылыс, химиялық технология, мұнай химиясы, био- және нанотехнология, тағам өнеркәсібі және агроөнеркәсіп кешені, экология және табиғатты тиімді пайдалану, жаңғырмалы энергетика, энергия сақтаушы және IT-технологиялар, әлеуметтік-экономикалық салаларының даму бағыттары бойынша өткізіледі.

Конференция аясында нақты уақыт режимінде G-Global ақпараттық-коммуникациялық платформасында онлайн трансляция жұмысы және мектеп оқушылары, колледждер мен ЖОО-ры студенттерінің ғылымдағы жетістіктеріне арналған «Exhibition of Achievements in Science» көрмесін өткізу қарастырылған.

Конференцияның бірлескен ұйымдастырушылары – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, «Аралтұз» АҚ, «Тұз технологияларының ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық қоры, «Қазфосфат» ЖШС, «АралСода» ЖШС, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ, Еуропа комиссиясы, Путра Малайзия университеті, Шэньян химиялық-технологиялық университеті, Вулверхэмптон университеті, Эге университеті, Катовице экономика мектебі, Иваново мемлекеттік политехникалық университеті, Новосібір мемлекеттік сәулет, дизайн және өнер университеті, Беларусь мемлекеттік технологиялық университеті, Беларусь ұлттық техникалық университеті, «Мәскеу энергетикалық институты» ұлттық зерттеу университеті, Д.И. Менделеев атындағы Ресей химиялық-

0000590
Кіріс № 01-00-13/3083
Входящий №
26.06.18

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова" Министерства образования и науки Республики Казахстан

160012, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5 үй,
тел.: 8(7252) 21-08-94, факс: 21-01-41,
e-mail: koncel@ukgu.kz, canselyarya@mail.ru

160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, д. 5,
тел.: 8(7252) 21-08-94, факс: 21-01-41,
e-mail: koncel@ukgu.kz, canselyarya@mail.ru

04.06.2018 №15-39/01-3055

**М. Қозыбаев атындағы**
**Солтүстік Қазақстан**
**мемлекеттік**
**университетінің ректоры**
**С. Өмірбаевқа**

**Құрметті Серік Мәуленұлы!**

Сізді 2018 жылдың 1-2 қараша аралығында Шымкент қаласында (Қазақстан) өтетін М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 75 жылдығы және академик Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменовтің 90 жылдығына арналған V халықаралық жыл сайынғы «Өндірістік технологиялар және инжиниринг» атты конференциясына қатысуға шақырамыз.

Халықаралық конференция секциялары құрылыс, химиялық технология, мұнай химиясы, био- және нанотехнология, тағам өнеркәсібі және агроөнеркәсіп кешені, экология және табиғатты тиімді пайдалану, жаңғырмалы энергетика, энергия сақтаушы және IT-технологиялар, әлеуметтік-экономикалық салаларының даму бағыттары бойынша өткізіледі.

Конференция аясында нақты уақыт режимінде G-Global ақпараттық-коммуникациялық платформасында онлайн трансляция жұмысы және мектеп оқушылары, колледждер мен ЖОО-ры студенттерінің ғылымдағы жетістіктеріне арналған «Exhibition of Achievements in Science» көрмесін өткізу қарастырылған.

Конференцияның бірлескен ұйымдастырушылары – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, «Аралтұз» АҚ, «Тұз технологияларының ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық қоры, «Қазфосфат» ЖШС, «АралСода» ЖШС, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ, Еуропа комиссиясы, Путра Малайзия университеті, Шэньян химиялық-технологиялық университеті, Вулверхэмптон университеті, Эге университеті, Катовице экономика мектебі, Иваново мемлекеттік политехникалық университеті, Новосібір мемлекеттік сәулет, дизайн және өнер университеті, Беларусь мемлекеттік технологиялық университеті, Беларусь ұлттық техникалық университеті, «Мәскеу энергетикалық институты» ұлттық зерттеу университеті, Д.И. Менделеев атындағы Ресей химиялық-

0000590
Кіріс № 01-00-13/3083
Входящий №
26.06.18

технологиялық университеті және Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институты (техникалық университеті).

Конференция жұмысына қатысуға ғылыми зерттеу жұмыстарының маңызды нәтижелері бар Қазақстан Республикасы мен шет елдердің ЖОО-ры мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары шақырылады.

Конференция жұмысына шетелдің дипломатиялық қызмет өкілдері қатысады: елшіліктер мен консулдықтар, ұлттық кәсіпорындар мен компаниялар, мемлекеттік мекемелер, шет елдердің белгілі ғалымдары (АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония, Ресей, Польша, Украина, Қытай, Малайзия, Түркия, Оңтүстік Корея және т.б.).

V халықаралық «Өндірістік технологиялар және инжиниринг» конференциясы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 75-жылдығына арналған салтанатты мерейтой іс-шаралары аясында өткізіледі. Өзінің көпжылдық табысты тарихы барысында университет Қазақстан Республикасының индустриясы мен әлеуметтік саласын дамытуда және мамандар әлеуетін қалыптастыруда, отандық ғылымның қалытасуына баға жетпес үлес қосты. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдары мемлекеттің инновациялық дамуы мен ағарту идеясына қызмет етуде М.Әуезов атындағы ОҚМУ жоғары білім берудің флагманы болды. Университет қабырғасында белгілі мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің легі, еліміздің мақтанышы болып табылатын кәсіпорындардың басшылары, мәдениет және өнер қайраткерлері тәрбиеленді.

Салтанатты мерей той іс-шарасы аясында Мұхтар Әуезовтың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ашылуы, белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің шеберлік-кластары мен көшбасшылық дәрістерін өткізу, университеттің түлектері мен ардагерлерінің кездесуі жоспарлануда.

Конференция қонақтары үшін Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи және киелі орындарына (Түркістан, Сайрам, Арыстанбаб) экскурсия ұйымдастырылады.

Конференцияға және салтанатты мерейтой іс-шараларына Сіздің қатысуыңыз – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің барлық академиялық қоғамдастығына үлкен абырой.

***Қосымша:*** *Ақпараттық хат___бет.*

**Ректор** **Д. Қожамжарова**

Орындаушы: Сатаев М.И.
Телефон: +7 (7252) 21-19-89